

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТІРЛІГІ  
ШҚО ӘББ «ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК



**«Тау-кен бұрғылау» оқу тәжірибесі бойынша**

## **ЕСЕП КҮНДЕЛІК**

ГБК.ОТ.Гк-\_\_\_\_.ГБЖ.\_\_\_\_.ЕК

Студент: \_\_\_\_\_

Жеткеші: \_\_\_\_\_ Байдола А.С.

Кескін-сызбалар  
бойынша: \_\_\_\_\_ Берекболова З.Н.

Семей қ.  
2019

## 1 ТӘЖІРИБЕНІҢ БІРІНШІ КҮНІ (шрифт 7 мм)

**Тақырыбы: 1.2 Бұрғылау жұмыстары кезінде жалпы техникалық ережелер (шрифт 7 мм, 5 мм)**

**Мақсаты: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

- 1) Тәжірибенің өту орнымен, геологиялық- гидрогеологиялық жағдайлармен, бұрғылау қондырғыларының орналасуымен және типтерімен, жұмыс орындары бойынша бұрғылау бригадаларының қозғалу графигімен танысу
- 2) Қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы іс-шаралар бойынша нұсқаулар алу

**Қолданылатын құрал жабдықтар: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

Әдістемелік нұсқау, карандаш, сызғыш, қалам, дәптер.

**Ауа-райы: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

(Осы күннің ауа температурасын жазу, күн бұлтты немесе ашық шамамен желдің бағытын)

**Теориядан мәлімет: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

1. Өз еркінмен қондырғыны қосып өшіруге болмайды
2. Арнайы киімсіз жұмыс істеуге тыйым салынады
3. Жұмысты тек қана жұмысқа жарамды құрал-жабдықтармен жұмыс істеу керек. Ондай құрал-жабдықтар болмаған жағдайда оларды ауыстыру керек.
4. Биіктігі 3 метрден асатын мұнара үстінде жұмыс істеген жағдайда арнайы қорғаныс белдіктерімен жұмыс істеу керек.
5. Биік жерлерде құралдарды және басқа да заттарды қалдыруға тыйым салынады.
6. Ұңғымаға резбасы толық бұралмаған бұрғылау снарядын түсіруге тыйым салынады.
7. Колонкалы құбырлардан кернді шығарғанда, оны жерден 20см биіктіктен ұстау керек.
8. Резбалы қосылыстарды қолмен тазалауға тыйым салынады, оған арнайы ерждар қолданылады.
9. Ұңғымада снарядтар болмаса оның ауызын жабу керек.
10. Құбырларды қосқанда және шешкенде ұзындығы 2 м асатын потрубкаларды қолдануға тыйым салынады.
11. Барлық электр тоқтары жер асты арқылы өтуі керек.
12. Бұрғы агрегатындағы жұмыс орындарын және жолдарын қоршауға тыйым салынады.
13. Нашакорлық және мастық кезінде бұрғылау станогын басқаруға тыйым салынады.
14. Кез келген бұзылымды байқаған кезде басқарушыға, шеберге немесе мұғалімге айту керек.
15. Бұрғылау құбырларын көтеру кезінде оларды балшық ерітіндісімен тазалауға тыйым салынады.
16. Барлық кілттер және вилкалар дұрыс болуы тиіс және кернді насостың көмегімен шығаруға тыйым салынады.

**Жұмыстың барысы**



**Қорытынды: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

## 2 ТӘЖІРИБЕНІҢ ЕКІНШІ КҮНІ (шрифт 7 мм)

### Тақырыбы:

### 2 Терең емес ұңғымаларды бұрғылау. (шрифт 7 мм, 5 мм)

#### Мақсаты: (шрифт 7 мм, 5 мм)

- 1) Кернді іріктеуді меңгеру.
- 2) Бұрғылау технологиясы, кернді іріктеу, сұйықтықпен жууды бақылау .
- 3) Бұрғылау технологиясы, сынамаларды іріктеу, бұрғылау үрдісін жүргізу кезінде қажетті қорғаныс іс-шараларын орындау мен қолданылатын бұрғылау құралдарымен таныстыру

#### Қолданылатын құрал жабдықтар: (шрифт 7 мм, 5 мм)

Әдістемелік нұсқау, карандаш, сызғыш, қалам, дәптер, бұрғылау қондырғысы, бұрғылауға қажетті құрал-жабдықтар, керн жәшігі.

#### Ауа-райы: (шрифт 7 мм, 5 мм)

(Осы күннің ауа температурасын жазу, күн бұлтты немесе ашық шамамен желдің бағытын)

#### Теориядан мәлімет: (шрифт 7 мм, 5 мм)

#### 2.1 Тайыз бұрғылаудың ерекшеліктері және қолдану салалары (шрифт 7 мм, 5 мм)

Тереңдігі 50м тайыз ұңғымаларды бұрғылау халық шаруашылығының көптеген салаларында қолданады, атап айтқанда; инженерлік геология және гидрогеологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, геологиялық картаға түсіру кезінде, қара және сирек кездесетін металлдарды барлауда, сейсмикалық барлауда, су шығатын ұңғымаларда және т.б. жағдайларда қолданылады.

Мұндай ұңғымалардың басым көпшілігі жұмсақ және қатқыл жынысты жерде бұрғыланады. Тайыз ұңғымалардың ішінде көбінесе қойтас, қйыршық тас, малтатастар бар, құмды-балшықты тосқындардан қазылып жабылады.

#### 2.2 Шнекті бұрғылау (шрифт 7 мм, 5 мм)

Шнекті бұрғылау дегеніміз – қалақты-кескішті қашау әсерінен талқандалған тау жыныс ұңғымадан шнектің айналуы әсерінен жер бетіне шығуы. Шнекті бұрғылау *вертикальді* және *горизонтальді* болып бөлінеді. Шнекті бұрғылау көбінесе жұмсақ(I-III) және орташа(IV-VI) категориялы жыныстарда терең емес ұңғымалар негізінде суға бұрғыланады. Бұрғылау тереңдігі жыныс типіне, физико-механикалық қасиетіне және қолданылатын инструменттерге байланысты, орташа тереңдігі 50 – 80м кей жағдайда 100 – 120 м ал бұрғылау диаметрі 60-600 мм ге дейін. Шнекті бұрғылау барлама, жарылысты, және де инженерлі – геологиялық, гидрогеологиялық ұңғымаларды бұрғылауда қолданылады. Шнектер өз араларында сұққылар немесе резбалар арқылы жалғанады. Бұрғылау барысында бұрғылау элементтері талқандалған жыныс әсерінен салқындайды. Талқандалған жыныс жер бетіне шнек бойымен ұңғыма қабырғасына ығысуы нәтижесінде көтеріледі. Шнекті бұрғылаудың артықшылықтары:


Ең басты артықшылығы болып оның жұмыс уақытының өнімділігі және де жұмыс ұйымдастырушылығының жеңілділігі болып табылады. Бір жұмыс ауысымында 100-300 м.

Шнекті бұрғылаудың кемшіліктері:

- Жоғары санатты жыныстарды бұрғылай алмаулығы;
- Жабысқақ сулы саздарды бұрғылауда саздың шнекке жабысуы нәтижесінен қиындықтар тууы; – Бұрғылау барысындағы қажетті жоғары жиіліктер;
- Бұрғылау тереңдігінің аздығы; – Жынысөзектің ұнтақ күйде болуы;

Жалпы схемасы: 1 – Ұңғыма; 2 – Шнек ; 3 – ЖТА; 4 –

Жыныс



- 1 – қозғалтқыш
- 2 – қуаттылық реттеу қорабы
- 3 – карданды вал
- 4 – редуктор
- 5 – коникалық қырқаяқ
- 6 – штанга
- 7 – ротор
- 9 – шнек
- 10 – ЖТА
- 11,12 - шығыр

Шнекті колонна айналым жиілігін автокөлік қозғалтқышынан/ 1/ қуаттылық реттеу қорабынан/2/=> карданды вал/3/ => редуктордан/4/ => ротор дан алады.



Станок 2 шығырмен жасақталады:

1. КТО-ға арналған;
2. Қашауға қосымша салмақ беруге арналған

арналған

**Техникалық сипаттамасы:**

- Бұрғылау диаметрі, мм
- Шнектермен 135
- Шартты тереңдік, м
- Шнектермен 30
- Ілмектің жүк көтерімділігі (элеватор), кН (кгс), 50(5100)
- Бұрғылау снарядын көтеру жылдамдығы, м/с0...1,25
- Бағана ұзындығы, м 4,5
- Жай күйдегі габариттерінің өлшемдері, мм 8330x2500x3980
- Жұмыс күйдегі габариттерінің өлшемдері, мм 8330x2500x8380
- Қондырғы массасы, кг, 13830



ЖТА ретінде РХ типті қашауы қолданылады:

- 1 – болат корпус
- 2 – спираль
- 3 – фиксаторлы сұққы
- 4 – қатты қорытпалы пластинка

Ұңғымадан алынған керн арнайы жасалынған кернсалғыш жәшіктерге салынуы тиіс. Жәшіктердің стандартты өлшемдері: ұзындығы 1м, ені 0,5-0,6м. Олардың ұяшықтарының диаметрлері мен тереңдіктері алынатын керннің өлшемдеріне сай болуы тиіс.

Бұрғылау жұмыстарын бақылау барысында геологтың міндеті;

1. Ұңғыманың жобада көрсетілген бағыттан ауытқымауын тексеру
2. Керннің қалыпты жағдайда шығып отыруын қадағалау, керннің шығымы төмендеп кеткен жағдайда бұрғылау мастерімен бірлесіп, керннің шығымын жоғарлату шараларын іздестіру
3. Бұрғылануы бойынша тау жыныстарының категорияларын анықтап, бұрғылау журналына жазу
4. Толтырылған керн салғыш жәшіктерді уақытында жіберіп тұру

**Жұмыстың барысы:**

Кернді іріктеуді жүргізу

1. Кернді іріктеу реттілігі:

Кернді керн жәшігіне орналастырады. Керн жәшігі 1 метрден 3-4 қатар болып жасалады.

1. Жәшікке орналастыру үшін ең алдымен жәшікке үстіңгі және шеткі бөлікке қаламмен бағыт беріледі: солдан оңға және үстіден астыға бағытталған стрелкамен көрсетіледі.

2. Колонкалық құбырдан бірінші шыққан кернді керн жәшігінің соңына ал колонкалық құбырдан соңғы шыққан кернді керн жәшігінің басына орналастырып қояды.

3. Кернді жәшікке орналастырып болған соң соңынан бирка толтырылады.

4. Бирканы толтыру тәртібі:

Бірінші ұңғыма нөмірі:

Екінші басталған интервалы;

Үшінші аяқталған интервалы;

Төртінші керн шығыны ;

Бесінші бригада 1-2 смена жазылады

5. Керн жәшігінің сыртын толтыру тәртібі:

1 ші жәшік нөмірі

2ші басталды метр

3ші аяқталды метр

4ші күні

5ші бригада жазылады.

**Қорытынды: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

### 3 ТӘЖІРИБЕНІҢ ҮШІНШІ КҮНІ (шрифт 7 мм)

**Тақырыбы: 3 Колонкалық бұрғылау туралы жалпы түсінік (шрифт 7 мм, 5 мм)**

**Мақсаты: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

1) Ұңғыма мен бұрғылау қондырғысы бойынша геологиялық техникалық нарядпен таныстыру. Құрылымы, техникалық сипаттамасы.

2) Бұрғылау технологиясы, сынамаларды іріктеу, бұрғылау үрдісін жүргізу кезінде қажетті қорғаныс іс-шараларын орындау мен қолданылатын бұрғылау құралдарымен таныстыру.

3) Бұрғылау снарядын түсіру-көтеру, оның айналуы, құбырды бұру және бақылау өлшеуіш құралдары бар операцияларды тексере білу.

4) Геофизикалық зерттеулерді талдау және ұңғыма тампонажын жою.

**Қолданылатын құрал жабдықтар: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

Әдістемелік нұсқау, карандаш, сызғыш, қалам, дәптер, бұрғылау қондырғысы, бұрғылауға қажетті құрал-жабдықтар, керн жәшігі.

**Ауа-райы: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

(Осы күннің ауа температурасын жазу, күн бұлтты немесе ашық шамамен желдің бағытын)

**Теориядан мәлімет: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

Колонкалы бұрғылау артықшылығының ең маңыздысы деп бұрғыланған жыныстан керн алынатындығын атауға болады.

Керн арқылы геологиялық құрылым және пайдалы қазынды туралы толық және ақиқат түсінік қалыптасады. Керн өте сенімді материал болғандықтан, геологиялық документтердің негізін осы кернге сүйеніп жасайды.

Колонкалы бұрғылау тәсілін қолданып скважина бұрғылау үшін тұрақты, өзі жүретін және жылжымалы бұрғылау агрегаттарын пайдаланады. Олардың құрамына бұрғы станогы, бұрғы мұнарасы (немесе дінгегі), насос, двигатель және басқа құрал-саймандар кіреді.




Рис. 7.1. Схема буровой установки колонкового бурения

Бұрғылау қондырғысының негізгі бөлшектері:

1-Жыныс талқандаушы аспап. Тау жыныстарын талқанлау үшін қажет. 2-Керн сынамасы 3-Колонкалық құбыр. Кернді өз бойында сақтау үшін қажет 4-Өзгерткіш. Колонкалық құбыр мен бұрғылау құбырларын қосу үшін қажет 5-Бұрғылау құбырлары. 4 қызмет атқарады: 1) Төмен қарай осьтік жүктеме береді 2) Айналым жиілігін береді 3) Өз бойнан жуу сұйықтығын өткізіп, төмен жібереді 4) Көтеріп түсіру операциясын орындайды 6-Кронблок. Троссты өз бойынан өткізін айналады. 7- Арқанды тросс. КТО жүргізеді. 8-Діңгек 9-Тальді блок. Станоктың жүк көтерімділігін жеңілдету үшін қажет. 10-Амортизатор. Соққылыарды азайту үшін қажет. 11-Вертлюг сальник. Жуу сұйықтығын сорғыштан айдағыш шлангы арқылы бұрғылау құбырларына (жетекші құбырға) беру үшін қажет 12- Жетекші құбыр 13- Айдағыш шлангы 14- Гидропатрон 15-Шығыр. КТО жүргізу үшін қажет 16-Электрқозғалтқыш. Станокқа айналым жиілігін беру үшін қажет. 17-Айналдырғыш. Бұрғылау құбырларына айналы сәтін беру үшін қажет. 18-Станина. Станоктың барлық бөлшектерін өз бойында жинап сақтап тұру үшін қажет. 19-РТ-Құбырбұрағышы. Бұғылау құбырларын ажыратып қосу үшін қажет. 20-Жуу сұйықтығын бағыттағыш 21-Науа жүйесі. Жуу сұйықтығының сағадан тұндырғышқа бағыттау үшін қажет 22-Қорылдақ (Фильтр) 23-Зумпф. Жуу сұйықтығын орыны 24- Сорғыш шлангы. Жуу сұйықтығын зумпфтан сорғышқа сорып алу үшін қажет. 25- Бұрғылау сорғышының электроқозғалтқышы. 26-Бұрғылау сорғышы. Жуу сұйықтығының циркуляциясын қамтамасыз етеді. 27. Бұрғылау агрегаты 28-Бақылаушы өлшегіш аспап 29-Басқару пульті


### 3.1 Бұрғылау снарядтары (шрифт 7 мм, 5 мм)

Бұрғы аспабының құрамына қандай саймандар кіретіні, скважинаның бұрғылану мақсаты мен қолданылатын бұрғылау тәсіліне тәуелді болады.

Қатты қорытпалы коронкамен бұрғылағанда бұрғы аспабының құрамына қатты қорытпалы коронка /1/, колонкалы құбыр /2/, өзгерткіш /3/ және бұрғылау құбырлары /4/ кіреді (3.1.1-сурет).

Бытыралы бұрғылауды қолданып скважина бұрғылағанда бұрғы аспабы мына құрамдардан тұрады: бытыра коронкасы /1/, колонкалы құбыр /2/, үшке өзгерткіш /3/, шлам құбыры /4/ және бұрғылау құбырлары /5/ (3.1.2-сурет).

Алмас коронкамен скважина бұрғылағанда бұрғы аспабының құрамында алмас коронка /1/, жұлғыш серіппе /2/, жұлғыш тұлға /3/, колонкалы құбыр /4/, өзгерткіш /5/, бұрғылау құбырлары /6/ және ниппель /7/ болады. Алмаспен бұрғылағанда қажеттігеріне қарай бұрғы аспабының құрамына алмас кеңіткіш және шлам құбыры кіруі мүмкін (3.1.3-сурет).



3.1.1-сурет.

3.1.2-сурет.

3.1.3-сурет.

**3.1.1-сурет. Қаттықорытпалы бұрғылау снаряды.**

- 1 — коронка;
- 2 — колонкалы құбыр;
- 3—өзгерткіш;
- 4—бұрғылау құбырлары.

**3.1.2-сурет. Алмаспенбұрғылау снаряды.**

- 1 — алмас коронка;
- 2 — жұлғыш серіппе; 3 — жұлғыш тұлға;
- 4 — колонкалы құбыр; 5 — өзгерткіш;
- 6—бұрғылау құбырлары;
- 7 — ниппель

**3.1.3-сурет. Бытыралыбұрғылау снаряды.**

- 1 — бытыра коронкасы;
- 2 — колонкалы құбыр; 3 — үшке өзгерткіш; 4 — шлам құбыры;



5—бұрғылау құбырлары.

### 3.2 Колонкалық құбырлар (шрифт 7 мм, 5 мм)


Бұрғыланған тау жынысының кернін қабылдап алу және бұрғылау кезінде скважина бағытын өзгертпей дұрыс сақтау үшін колонкалық құбыр қолданылады. Айналымды тәсілді қолданып, колонкалық бұрғылаумен скважина қазғанда екі түрлі құбырлар пайдаланады. Олар — колонкалық жалқы және қос құбырлар.

Жалпы ұзындығы 1,5, 3, 4,5 және 6 м болады. Колонкалық құбырдың ұзындығын 3 м-ден кем етіп жасамайды. Себебі құбыр қысқарған сайын скважинаның қисаюы да өсе түседі.

Қолайлы жағдайларда снарядтың колонкалық құбырын ұзарта түсу шарт. Ол үшін колонкалық құбырларды бір-біріне ниппель арқылы жалғастыруға болады. Колонкалық құбырдың өне бойы өте түзу келуі тиіс. Диаметрілері 34, 44, 57, 73, 89, 108, 127, 146мм.

### 3.3 Өзгерткіштер, шлам құбырлары және керн жұлғыштар (шрифт 7 мм, 5 мм)

Колонкалық снарядты бұрғылау колоннасының құбырларымен қосу яғни жалғастыру үшін өзгерткіштерді пайдаланады. Басқаша айтқанда құбырлар колоннасының сыртқы диаметрін өзгертіп, басқа үлкен диаметрлі колонкалық снарядқа көшіру үшін өзгерткіштер керек. Оларды 45 немесе 50 маркалы болаттан жасайды. Өзгерткіштер екі түрлі болады: а) *фрезерлі* өзгерткіш (немесе екіге өзгерткіш), ә) *үшке* өзгерткіш (20-сурет).



20-сурет. Өзгерткіштер.

а) фрезерлі өзгерткіш; б) үшке өзгерткіш;

1-бұрғылау құбырымен жалғасатын бұранда;

2-колонкалық құбырмен жалғасатын бұранда;

3-шлам құбырымен жалғасатын бұранда.

**Шлам құбыры** бұрғы снарядының үстінде орналасады және үшке өзгерткішпен сол бағытты бұранда арқылы қосылады. Оның үстіңгі ұшы ашық және қисайып кесілген ( $30^\circ$ ), ал қисықтың үшкір ұшы ішке қарай бұрғы тойтарылады. Олай жасалатын себебі снарядын көтергенде, шлам құбырының жоғарғы ұшы шегендеуші құбырлардың башмағына соқтықпай жылдам өтіп кетуі үшін керек. Екіншіден, шлам құбырының қисық ұшы бұрғылау кезінде айналып тұрғанда жуу сұйығына құйын сияқты қозғалыс береді де ірі шламдардың өз ішіне кіріп кетуіне қолайлы жағдай туғызады.

Бұрғылаудың ірі ұнтақтары, жыныс, металл шламдары және ұсақ металдар, коронка сынықтары тағы басқа ауыр заттар шлам құбырының ішіне кіреді. Себебі бұрғы снаряды мен скважина қабырғасының арасындағы сақиналы кеңістік өте тар болғандықтан ұсақ бөлшектер мен шламдар забойдан жылдам көтеріледі. Ал шлам құбырынан кейін сақиналы кеңістіктің үлкеюіне байланысты жоғары көтерілуші ағынның жылдамдығы күрт ақырындайды да, барлық ірі шламдар шлам құбырының ішіне кіріп тұнады.

**Кернжұлғыштар** – забойға қосылған жерінен кернді сындырып, оны керн қабылдағыш құбырға сыналау арқылы бекітіп, жер бетіне бұрғы снарядымен бірге көтеріп шығару үшін арналған.

### 3.4 Бұрғылау құбырлары (шрифт 7 мм, 5 мм)

Бұрғылау құбырлары арқылы бұрғы снарядын көтеріп-түсіреді, айналдырады, забойға жуу сұйығы жіберіледі және осьтік қысым (салмақ) беріледі. Бұрғылау құбырларының сырты ешқандай жапсарсыз, көмкерусіз, жұмыр және тегіс келеді. Оларды балқыған ыстық кезінде созып жасайды.

Геологиялық бұрғылауда сыртқы диаметрлері 33,5; 42; 50; 63,5 және 73 мм-лік бұрғылау құбырлары қолданылады. Олардың ұзындықтары 1,5; 3; 4,5; 6 және 8 м болады.

#### **Жұмыстың барысы:**

Көтеріп түсіру операциясын орындау:

Бұрғылау снарядының көтеріп түсіру операциясының реттілігі:

1. СКБ4 бұрғылау қондырғысын іске қосамыз: Ажыратқышты (рубильникті), одан кейін сигнал беріледі, сосын станокты қосу батырмасын қосамыз, керек жағдайда гидросистема және насос қосылады.
2. Наголовникті бағанадағы муфталы құлып бөлігіне кигіземіз, міндетті түрде фиксировать етеміз.
3. М350-80 жартылай автоматты элеваторының көмегімен наголовниктен іліп кигіземіз.
4. Станоктың шығырының көмегімен бағананы көтеріміз және ұңғымаға бағыттап түсіреміз.
5. Төселме айырды муфталы құлыптың саңылауына кигізіп РТ 1200 құбырағытқыш үстіне бағананы түсіреміз.
6. Элеваторды келесі бағанаға кигізу;
7. Бағананы скважина сағасының үстінде көтеріп тұру;
8. Осы бағананы скважинаға түсірілген бұрғы снарядымен немесе бағанамен бұранда арқылы жалғастыру, немесе ұрғыш кілтті кигізіп РТ құбырағытқыштың көмегімен жалғаймыз, осы жұмыстар қайталанып тұрады.
9. Көтеру кезінде бағананың бұрандасын босатып, төменгі бағанадан ағытады да оны бұрғы мұнарасына жантайтып, тігінен қояды.

**Ескерту:** Қауіпсіздік ережесіне сай РТ-1200 құбырағытқышымен жұмыс істегенде төсемен кілттерді салушы адам өзі батырманы ажыратып қосады

**Қорытынды: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

#### 4 ТӘЖІРИБЕНІҢ ТӨРТІНШІ КҮНІ (шрифт 7 мм)

**Тақырыбы: 4 Соққылы-механикалық бұрғылау. (шрифт 7 мм, 5 мм)**

**Мақсаты: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

1) Ұңғыма мен бұрғылау қондырғысы бойынша геологиялық техникалық нарядпен таныстыру. Құрылымы, техникалық сипаттамасы, құралдарымен, бұрғылау снарядының құрамымен таныстыру.

2) Ұңғыманы шламнан тазарту және сусымалы және ақпа шегінде айналдыра орналасқан құбырлардың озық колонасымен ұңғыма қабырғасын қатайту әдісімен, сонымен қатар ұсақ жынысты алтын кендерін барлау кезінде үлгілерді іріктеу және су деңгейін өлшеумен танысу.

3) Шламды іріктеу және оны меңгеру. Шламды құжаттау, іріктеу мен оқыту есепте рәсімделеді.

**Қолданылатын құрал жабдықтар: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

Әдістемелік нұсқау, карандаш, сызғыш, қалам, дәптер, бұрғылау қондырғысы, бұрғылауға қажетті құрал-жабдықтар, керн жәшігі.

**Ауа-райы: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

(Осы күннің ауа температурасын жазу, күн бұлтты немесе ашық шамамен желдің бағытын)

**Теориядан мәлімет: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

Соққылап бұрғылау әдісі бұрғылаудың ескі тәсілі болғанымен қазіргі кезде де қолданылады. Соққылап бұрғылау – суға бұрғылауда, сирекметалды тау жынысын барлауда, инженерлік – геологиялық ізденістерде және мәңгі тоң аймақтарды бұрғылауда қолданылады.

Соққылап бұрғылау 2–ге бөлінеді: штангалы және арқанды – соққылама.

Соққылы-арқанды бұрғылау кезінде жыныстар, 1 мин 40-50 соққы жиілігінде 0,3-1,1 биіктіктен оны мезгілімен тастау жолымен сына тәрізді қашаумен бұрғылау снарядымен болат арқанда ұңғымаға түсірілетін барлық бағана бойынша бөлінеді. Ұңғыма цилиндрлік пішінде болуы үшін, бұрғылау снарядын көтеру кезінде әрбір соққыдан кейін кейбір бұрышқа бұрылады.


**4.1 Арқанды-соққылама бұрғылау тәсілінің сұлбасы. (шрифт 7 мм, 5 мм)**

Бұрғы станогы тербелмелі рамадан 11, кривошипті –шатунды механизмнен 16,17,мачтадан 9 құралдық барабаннан 13 және желонкалық барабаннан 18 тұрады. Құралдық темір арқанға 5 забойдағы тау жынысын талқандауға арналған соққы снаряды жалғанады. Соққы снарядының құрамына қашау 1, соққы штангасы 2 жылжымалы штанга(қайшы) 3 және арқан құлыбы 4 кіреді. Желонкалық арқанға 6 талқандалған тау жынысын ұңғыдан шығаруға арналған желонка 19 жалғанады. Тербелмелі раманың екі шетінде бағыттағыш 12 және тартқыш 10 роликтер орналасқан. Тербелмелі раманы қозғалысқа кривошипты-шатунды механизм келтіреді. Станоктың барлық бөліктері (соққы механизмі, құралдық барабан, желонкалық барабан айналымды негізгі валдан 15 алады. Қашау болаттан жасалынады, оның үшкірлеу бұрышы 70– тан 130 градусқа дейін болады. Тау жынысы қатты болған сайын оның үшкірлеу бұрышы үлкен болады. Қашаулар тау жынысының қаттылығына байланысты келесі түрлерге бөлінеді: жалпақ, қос таврлы, крест тәрізді, пирамидалы және эксцентрикті

Қоставрлы қашаулар –қаттылығы орташа, иілімді тау жыныстарын бұрғылауда қолданылады. Қашаудың кескіштерінің ұштары шығыңқы болады, ол ұңғының қыймасының дөңгелек болуын қамтамасыз етеді. Ұңғының цилиндрлік формада болуын негізінен қашаудың әр соққыдан кейін бұрылуы бұрылуының әсерінен болады.

Крест тәрізді қашаулар жарықшақтығы көп тау жыныстарында қолданылады. Көлденең орналасқан кескіштер, қашаудың жарықтарда қысылып қалмауын қамтамасыз етеді. Қашаудың кескіштерінің ұзындығы мына стандарт бойынша шығарылады: 148, 198, 248, 298, 345, 395, 495 және 595 мм. Қашау салмағы оның типіне, кескіш жүзінің ұзындығына байланысты 42 ден 980 кг –ға дейін өзгереді. Пирамида тәрізді қашаулар валундарды үгіту мен бір жаққа қарай ығыстыру үшін қолданылады.

Эксцентрикті қашау доға тәрізді кескішті болады. Ол ұңғыны кеңейту үшін және апатты жою үшін қолданады.



#### 4.2 Бұрғылау аспабы (шрифт 7 мм, 5 мм)

Соққылы-арқанды бұрғылауға арналған бұрғылау снаряды (29.1-сурет) соққылы штанганың қашауынан 8, жайылмалы штангадан 10 және арқанды құлыптан тұрады.

**Қашаулар** Қашаулар (29.2) жалпақ (а), екі таңбалы (б), крест жолақты (г), дөңгеленген (в) болады.

**Желондар** Желондар күпсек, сусымалы және жылжымалы жыныстарды (күмдар, жылжымалылар, малта тасты) тікелей бұрғылау үшін және қатты жыныстарды қашаумен бұрғылау кезінде ұңғымадан шламды жою үшін қолданылады.

**Соққылы штангалар** Соққылы штанга 9 (29.1 - сурет) бұрғылау снарядының салмағын арттыруға және соққылы бұрғылау кезінде ұңғыманың тозуының алдын-алуға арналған.

**Жылжымалы штангалар** Көтеру кезінде жоғары буын төменгіге соғылады және қашаудың забойдан шығуын және ұстау кезінде бұрғылау снарядының қағып жіберуін жеңілдетеді.

**Арқанды құшылар** Арқанды құшылар арқанды қозғалмалы немесе соққылы штангамен біріктіру үшін және қашаумен забойға соғылғаннан кейін көтеру кезінде бұрғылау снарядын бұру үшін қызмет етеді.

#### Жұмыстың барысы:

УКС станогының жұмыс істеу принципін үйрену.

1. Рамаға орнатылған электр двигателінен ременді беріліс арқылы бас білік айналады.

2. Бас білік айналғанда арнайы тісті берілістер арқылы соққылама механизмі, желонка және таль барабандарын жұмысқа қосуға болады.

3. Аспапты көтеретін барабан шынжырлы беріліс арқылы бас біліктен қозғалыс алады. Бұларды бас білікке орналасқан фрикциялы муфталарды жалғастырып жасайды.

4. Кривошипті шатунды механизмге айналым басты біліктен тісті беріліс арқылы беріледі, ал кривошипті шатунды механизм тербелмелі раманы үстіге астыға қозғап тұрады сол арқылы снарядты көтеріп түсіріп соққы пайда болады

5. Желонкалы барабанға да айналым тісті беріліс арқылы беріледі. Ол желонканы түсіріп көтеру үшін қажет.

6. Телескоп тәрізді дінгектің көмегімен көтеріп-түсіру операциясы орындалады. Дінгектің үш роликті блогы бар. Желонка барабанының тісті доңғалағы арқылы, бас біліктің айналуын пайдаланып, станок дінгегін көтеріп, жұмыс жағдайына келтіруге болады. Көтергеннен кейін дінгекті арқаннан немесе құбырдан жасалған тартпалармен бекітеді.

Бұрғы снарядының соққылау санын және лебедканың барабанына арқан оралуының жылдамдығын электр двигателінің білігінде орналасқан ауыспалы шкивтер жұбының орнын алмастыру арқылы өзгертеді. Бұрғы снарядының жүріс мөлшерін, яғни көтерілуі биіктігін кривошиптегі саусақтың орнын ауыстырып өзгертеді.

**Қорытынды: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

## 5 ТӘЖІРИБЕНІҢ БЕСІНШІ КҮНІ (шрифт 7 мм)

**Тақырыбы: 5 Роторлы бұрғылау. (шрифт 7 мм, 5 мм)**

**Мақсаты: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

1) Ұңғыма мен бұрғылау қондырғысы бойынша геологиялық техникалық нарядпен таныстыру. Құрылымы, техникалық сипаттамасы, құралдарымен, бұрғылау снарядының құрамымен таныстыру.

2) Түсіру-көтеру операциясы, бұрғылау снарядының ротор арқылы айналуы , бұрғылау сорабының көмегімен ұңғыманы жуу және әртүрлі көмекші жұмыстар атқара алуды үйрету.

3) Шламды іріктеу және оны меңгеру. Шламды құжаттау, іріктеу мен оқыту есепте рәсімделеді.

**Қолданылатын құрал жабдықтар: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

Әдістемелік нұсқау, карандаш, сызғыш, қалам, дәптер, бұрғылау қондырғысы, бұрғылауға қажетті құрал-жабдықтар, керн жәшігі.

**Ауа-райы: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

(Осы күннің ауа температурасын жазу, күн бұлтты немесе ашық шамамен желдің бағытын)

**Теориядан мәлімет: (шрифт 7 мм, 5 мм)**

Терең ұңғымаларды бұрғылау тек қана айналмалы тәсілмен іске асырылады және роторлық, турбиналық, электробұрғымен бұрғылауға бөлінеді.

Роторлық бұрғылауда бұрғылау снарядтың айналуы, бағаналық бұрғылау кезінде шпиндельдік айналтқыш сияқты орнатылған ротормен ұңғыманың сағасының жер үстінде жасалады.

Кернды көтермей жасалған айналымды бұрғылау, мұнай мен газ кендерін барлау мен пайдалануында ұңғыманы құрастырудың негізгі құралы болып, әртүрлі инженерлік мақсатта су алушы, жарылғыш, гидротермальды және басқа да ұңғымаларды, сонымен қатар үлкен диаметрлі ұңғымалар мен шахтаның оқпандарын бұрғылауда қолданады.

Керн көтермейтін айналым бұрғылау әртүрлі тұрақтылықтағы бұрғылаудың I-ден XII-ге дейінгі дәрежедегі тау-жынстарда ұңғыманың тереңдеуінің жоғары жылдамдығында мүмкін

### 5.1 Роторлы бұрғылау қондырғылары

БУ-200 бұрғылау қондырғысы 5мың метр тереңдікке дейін турбиналы , электрлі және роторлы тәсілдерімен пайдалану және барлау скважиналарын бұрғылауға арналған.

### 5.2Снаряд құрамы, ЖТА

Бұрғылау бағана (25.4 сурет) вертлюгтан 11, жетекші құбырлар 8, бұрғылау құбырлардан 5, бұрғылау құлыптардан, бұрғылау бағананың центраторларынан, ауырландырылған бұрғылау құбырлардан 3, ауыстырғыштар 2, 4, 6, 7, 9, 10 және қашадан 1 құрастырылған.

## Жетекші құбырлар

Жетекші құбыр - ротордан тікелей айналым қабылдаушы және сол айналууды бұрғылау бағанаға тапсырушы бұрғылау снарядтың бөлшегі.

8-Жетекші құбырлар төртбұрыш, алтықырлы немесе кресттүрді кесікті ұштарын сыртқа шығарусыз немесе ұштарын шығарумен. Соңғылары сенімділіктеу және ұзақ мерзімді пайдаланулы болады. Негізгі құбырдың ортасында дөңгелектенген арна бар.

Жетекші құбырлар топтамалы тек қана жиынтықта болады және нақты құбырдан 5, жоғарғы

ауыстырушыдан 10 вертлюгпен қосуға сол жақ оймасы бар және астыңғы ауыстырмашы 7 бұрғылау бағанамен қосу үшін оң жақты оймағы бар

### 5-Бұрғылау құбырлары

Бұрғылау құбырлардың келесі түрлері бар: 1) құрастырмалы құрылымды бұрғылау құбырлар отырғызылған ұштар мен бұрандаланған (навинченными) құлыптармен; 2) конструкциялы жиналған бұрғылау құбырлары отырғызылған бұрыштармен, блокирлеуші (стабилизирующие) белдіктері бар, және бұрандаланған құлыптармен; 3) бұрғылау құбырлар дәнекрленген қосу ұштармен; 4) бұрғылау құбырлар сыртқа шығарылған ұштармен және кесек құлыптық оймалары бар (**раструбные** құбырлар); 5) жеңілқоспалы бұрғылау құбырлар.

Ұштары сыртқа шығарылған бұрғылау құбырлар қазіргі уақытта ең қолданысты. Шығарылудың барлығы оймақ ойғаннан кейін құбырдың барлық кесімінде тең тұрақтылық сақтауды қамтамасыз етеді.

1. ЖТА Қашау — терең айналмалы бұрғылаудағы негізгі тау-жынысты талқандаушы құрал.

Тау-жынысқа ықпал ету сипаттамсына сәйкес бұрғылау қашаулар келесі түрде жіктеледі. 1) Қашаулар кесу-шағу ықпалды, қалақтармен тау-жынысты талқандаушы тау жынысты талқандаушы (қалақтық қашаулар) 2) Қашаулар ұнтақтау-шағу ықпалды, тау-жынысты тістер немесе шарошкада орналасқан штырлермен талқандаушы Осы қашаулар әртүрлі қаттылықтағы абразивты және абразивты емес тау-жыныстарға арналған. 3) Өшіргіш-кесу ықпалды қашаулар, тау-жынысты алмас тарымен немесе долотоның кесінді жағында орналасқан қаттықоспалы штырлермен (алмас қашаулар (25.3) және ИСМ түрлі лар).

### 5.3 Бұрғылау технологиясы

Бұрғылау тәртібі мынадай; қашау диаметрлерінің әрбір см-не берілетін сыбағалы салмақ 50-200кН арасында өзгереді. Жуу сұйықтығының мөлшері қашау диаметрінің 1 см –не

берілетін мөлшері 8-12 л/минҚашаулардың шеңберлік жылдамдығы 0,8-1,5м/сек болады.





Рис. 25.4. Элементы бурильной колонны



#### 5.4 Көтеріп-түсіру операциясы

Скважинадан бұрғы снарядын көтергенде мына жұмыстар орындалады: а) бұрғы снарядын немесе бағананы түсіру; ә) оны төселме айырға немесе штангатұтқышқа отырғызу; б) элеваторды немесе вертлюгты ағыту; в) элеваторды келесі бағанаға кигізу; г) бағананы скважина сағасының үстінде көтеріп тұру; ғ) осы бағананы скважинаға түсірілген бұрғы снарядымен немесе бағанамен бұранда арқылы жалғастыру. Сіне, осы жұмыстар қайталанып тұрады. Көтеру кезінде бағананың бұрандасын босатып, төменгі бағанадан ағытады да оны бұрғы мұнарасына жантайтып, тігінен қояды.

Қазіргі кезде бұрғылау құбырларын бұрап нығайтатын немесе бұрап ағытатын РТ-1200 механизмі кеңінен қолданылады. Ол диаметрлері 42, 50 және 63,5 мм бұрғылау құбырлары үшін және диаметрлері 73, 89 және 108 мм ауырланған бұрғылау құбырларына арналған (5.4.1-сурет).



(5.4.1-сурет).

#### Жұмыстың барысы:

1. УРБ 2А2 Бұрғылау қондырғысымен монтаж, бұрғылау және демонтаж жұмыстарын жүргізу.

#### Жұмысты жүргізу реттілігі:

1. Бұрғылау қондырғысын монтаждау тегіс орында жүргізілуі тиіс.

2. Жұмыс барысында

маймен жұмыс істейтін механизмдердің майын және гидрожүйені тексеру керек.

